

Жетісу облысы бойынша 2024 жылдың III тоқсанына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекіту туралы

Жетісу облысы әкімдігінің 2024 жылғы 3 шілдедегі № 224 қаулысы

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 90939 болып тіркелген) сәйкес Жетісу облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жетісу облысы бойынша 2024 жылдың III тоқсанына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері бекітілсін.

2. "Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын барлық қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жетісу облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің м.а.

Ә. Жақанбаев

Жетісу облысы әкімдігінің 2024 жылғы
"___" _____ № _____ қаулысына
қосымша

Жетісу облысы бойынша 2024 жылдың III тоқсанына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары үшін бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері

№	Тауардың атауы	Өлшем бірлігі	III тоқсан
1	Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын)	теңге/ килограмм	612
2	Бірінші сортты бидай ұны	теңге/ килограмм	296
3	Қаракұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын)	теңге/ килограмм	343

4	Бірінші сұрыпты ұннан жасалған бидай наны (пішінді)	теңге/ килограмм	213
5	Түтік кеспе (өлшеніп салынатын)	теңге/ килограмм	441
6	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі)	теңге/ килограмм	3075
7	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік)	теңге/ килограмм	1537
8	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада	теңге/ литр	463
9	Майлылығы 2,5% айран, жұмсақ қаптамада	теңге/литр	481
10	Сүзбе: майлылығы 5-9%	теңге/ килограмм	1990
11	Тауық жұмыртқасы (I санатты)	теңге/дана	601
12	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5%, толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ)	теңге/ килограмм	5000
13	Күнбағыс майы	теңге/ литр	721
14	Ақ қанды қырыққабат	теңге/ килограмм	132
15	Басты пияз	теңге/ килограмм	143
16	Асханалық сәбіз	теңге/ килограмм	268
17	Картоп	теңге/ килограмм	307
18	Ақ қант – құмшекер	теңге/ килограмм	572
19	Ас тұзы ("Экстра" -дан баска)	теңге/ килограмм	102